

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

үкіметінің адамдарын өлең жолдарында «мықты» деп алып солардың билігіне бәрінің ығатынын сипаттағандай

Орыстың дегеніне жүріп, ұлықтап, айдауына көніп аузы майлы болып жүрген надандарды

«Мәз болады болысың,
Арқақаға ұлық қаққанға,
Шелтірейіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға.
Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?
Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға
Таңқаламын, қампайып
Жоқты-барды шатқанға» [2, 65 б.]-деп суреттейді.

Абай өзінің табиғатты сипаттаған «Қыс» өлеңінде де :«Ақ киімді денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті басы, ақ қырау түсі суық

Басқан жері сықырлап келіп қалды»-[2, 55 б.] деп суық, қатал қыстың бейнесін беру арқылы, патшалық Ресейдің озбыр саясатын жасырын суреттеп тұрған секілді көрініс табады.

Ақынның өшпес мұрасы кешегіден де бүгінгімізге өте қажет. Бұл туралы президентіміз Қасым -Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Абай мұрасы-біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы-халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал, Абайдың өсиет өнегесі ХХІ ғасырдағы Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді» [3]-деп жазады.

Абай біз үшін қайталанбас тұлға. Оның өмірі 20 ғасырдың басында аяқталған жоқ, бізбен бірге әлі күнге дейін өмір сүріп келеді. Оның поэзияда, психологияда, музыкада, философияда әдебиетте қалдырған өшпес еңбектері ұрпақтарына тәрбиенің үлгісі болып қала бермек. Осы орайда «Кімнің ойын, сөзін ұғып –түсінсең, сонымен өзінді тең сезінесің» -деген Гетенің сөзі еске түседі. Абай ойын ұғын, сөзін түсіну оны зерттеу бүгінгі ұрпақ үшін үлкен мақтаныш.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. <https://abai.kz/post/6>
2. Абай «Қалың елім, қазағым.....» Өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2002. -224 бет
3. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy
4. Абайдың ақындық әлемі.-Алматы: Ана тілі, 1995.-272бет.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы шығармаларының екі томдық толық жинағы.- Алматы: Жазушы-Т1: Өлеңдер мен аудармалар. 2004-296бет

ӘОЖ 93/94

ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНДЕГІ ДІНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН КҮРЕС

Е.Е.Жақсылық

1 курс PhD докторанты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, тарих факультеті

Ғылыми жетекші: т.ғ.к.доцент Г.И.Кушенова

Бүгінгі таңда ислам – әлемдегі ең кең таралған дәстүрлі үш діннің бірі. Ислам дінін ұстаушылар барлық құрлықтарда тұрады, әсіресе Солтүстік Африка, Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс, Орталық Азияда өте көп таралған. Қазақ жерінде Ислам, ең алдымен, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жеріне VIII ғасырдан бастап таралып, X (960 ж.) мемлекеттік дін ретінде қазақ халқына үлкен маңызға ие болды. Ислам дінінің таралуы бірнеше ғасырлар аралығына созылды. Діннің кең ауқымда таралуына басты кедергілердің бірі Кеңес үкіметінің билігі болғаны рас. Патшалық Ресейдің құлауынан соң кеңес билігінің орнауымен Қазақстанда діни мәселелер тым үлкен шиеленісті мәселеге алып келді. Соның салдарынан Қазақстанның барлық аймақтарында ислам дініне деген шектеулер көбейді. Дінге қызмет етушілер мен діни мекемелер жойылды, байлар жер аударылып малы тартып алынды.

Қазақ жеріндегі ислам дінінің басты ғимараттарының (мешіттердің) саны сол Кеңес үкіметі орнағанға дейін бес мыңға жуық болса, КСРО уақытында 63 ғана қалды. Мысалы, Қазан төңкерісінен кейін ислам негіздерін жою процестері күшейе бастады: мектептер (құран оқу мен жазу оқытылатын бастауыш мектеп), медреселер (жоғары ислам мектептері), мешіттер, мұсылман соттары (шариғаттар) жабылды, діни мерекелерді тойлауға тыйым салынады. Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарының бірінде 30 мешіттің 30-ы жабылды. Қазіргі уақытта діншіл адамдардың саны көбейді, соның ішінде де мұсылмандар саны артты, түркілік кезең мен моңғолдардың діні - тәңіршілдік болғаны белгілі, Бірақ келесі ғасырларда ислам қайтадан көбейе бастады. Түркістан өңірінде мешіт медреселер саны, дін уағыздаушылар саны қайта көбейді.

Өлкеде ұлттық болмыстық және діни құндылықтарды ыдыратып дінге деген барлық қызмет саласын жоюда жұмыстар жүргізілді. 1923-1933 жж. аралығында діни құндылықтарды зорлап ұжымдастыру арқылы жойып, оларды жер аударып жіберетін концепция жасалынды.

Нәтижесінде 657 бай жер аударылып, 145 мыңға жуық мал тартып алынды. Жер аудару, үйлерін тартып алулар нәтижесінде 700 ге жуық ауыл аймақтар қаңырап бос қалды [1].

Дінге қарсы шығушыларға қарсы жер-жерден толқулар байқалды. 1929-1933 жж. Қазақстанның Оңтүстік аймағында ғана емес, елдің түкпір-түкпіренен саяси қуғын сүргінге қарсы толқулар байқалды. Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хатында ауыл халқының 40 % (1 млн 750 мың) жоғалды, 1 млн астам адам басқа жаққа бас сауғалап кетті, делінген [2].

Кеңестік билікке қарсы шаралар тек жекелеген аймақтарда ғана емес, барлық үлкенді кішілі елді мекендерді де қамтыды. Жер су атаулары өзгертіліп өңір тұрғындарына беймәлім азаматтарды көшіріліп, жазаланды да архив құжаттарына аттарын белгілеудің орнына нөмірленді. Наразылықтардың барлығын өркениеттік тұрғыдан, ислами, діни, мәдени, саяси, геополитикалық, халықаралық орталықтардың назарын аударған құбылыс деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар Қазақстан территориясындағы кеңестік режимге қарсы діни мәндегі көтерілістердің артында осы Түркістан облысы аумағында болған наразылық шаралары жатыр. Бұл сол кездегі тек Қазақстан ғана емес, жалпы Орта Азия мұсылмандарының отарлаушылар мен атеизмге қарсы ортақ платформасының көрініс тапқан әрекет болатын [3].

Түркістан облысы аумағында болған көтерілістер бір режимге қарсы наразылық ретінде барша мұсылман қауымының реакциясы болғандықтан да, Кеңестік құпия архивтеріндегі жаппай қуғын сүргін құжаттары, тергеу іс қағаздары мен протоколдардан тыс, ел аузындағы фольклорлық, әдеби, мәдени, жыр дастан, отбасылық шежірелер, жекелеген деректер, назардан тыс қалмауы керек.

Тарихшы Ш.Хайитовтың айтуынша, большевиктер отызыншы жылдарға дейін Түркістандағы жүзге жуық мешітті өртеп жіберген. Ал ауыл аймақтардағы шағын мешіттер кадрсіз үйіндіге айналды [4].

1958 жылдан бастап киелі жерлерге зиярат ету шараларын тоқтату туралы қаулы қабылданды. Артынша жер-жердегі әулиелі жерлерді жабуға байланысты шаралар жүргізілді. Зияратқа тиым салатын пәтуалар шығару, молдалардың зиярат орындарын аралауына байланысты күрес жүргізіле бастады. Имамдардың халық арасында насихат айту дәстүрлері тоқтатылып, тек билік сайлаған ресми молдалар ғана пәтуа шығарып халықты дінді жоқтауға үйрете бастады. Нәтижесінде той жиындарда, құдай тамақтарда дінді терістейтін пәтуалар

айтыла бастады. Оны жүзеге асыру мақсатында барынша беделді деген молдаларды жұмысқа салды.

1959 жылы Қазақстанда жиырмаға жуық зиярат орны жұмысын тоқтатты. Олар Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб, Ыбрайым ата, Хусейін ғазиз Қазы Байзауи, Мірәлі баб, Қызыр ата, Қожа тәлі, Әбілғазиз баб, Ұзын ата, Асық ата, Үкаша ата, Қошқар ата, Баба Дәруіш, Ысмайыл ата, Қарахан ата, Дәулетбек Шахмансұр, Айша бибі, Бабаджа хатун, Тектұрмас, және Сыпатай батыр мырза кесенелеріне зиярат етуге тиым салынды [5].

1960 жылы әлі де 23 зиярат ететін әулиелі жердің бар екендігі белгілі болады. Оны жою үшін партия, комсомол ұйымын жұмылдырып, құқық қорғау мекемелерімен бірлесіп, шаралар қолданып, молдалармен бірлесіп қарияларға қысым көрсетіледі. Сонымен қатар осы жылдары Қазақстанда ел арасында молда, қожа атанып жүрген 521 дәруіш тіркелген. Олар ауыл ішінде, мазар жанында, құран оқыту, құрбан айт, ораза, мәуліт, құран хатым сияқты діни жоралғылар өткізген [6].

1961 жылдан бастап марқұмның басына күмбезді кесенелер салуға тиым салынған, мұнымен шектелмей билік бүкілодақтық жиналыста Қазақстанда зиярат етушілердің өзге Республикалардан көп екендігі айтылған, тіпті жұмысшылар колхоздардағы жұмыстарын тастап зиярат етуге кету фактілері тіркелген. Зияратшылармен күресу үшін жергілікті биліктің белсене араласуын сұрайды. Артынша қалалық атқару комитеттері жанынан киелі жерлерге қатысты заңдардың орындалуын қадағалайтын комиссия құрылды. Бірақ комиссия жұмысты дұрыс атқара алмай жоғарғы жаққа жалған ақпарат жіберіп отырған [7].

Кеңестік режим кезінде (А.Беннигсон, Ламержи-Құл Қожай) «Кеңес Одағындағы Ислам» атты еңбегінде 26 279 мешіт, 45 339 имам, әрбір 700-1000 адамға бір ортақ мешіттен келгендігі айтылады [8]. Ғалым Н.Остроумов 1912 жылы Түркістан өңірінде 7290 мектеп, 376 медресе болғандығын көрсеткен [9].

Ал өлкелік әкімшіліктің 1912 жылғы есебі бойынша Түркістанда 6022 мектеп, 445 медресе болғанын көрсетеді. Оның әрқайсысында жыл сайын 200 ге жуық шәкірт оқып шығатын болған. 1917 жылы «Қазақ» газеті Уфадағы «Ғалия» медресесін 154 қазақ бітіріп шықты деген ақпаратты жариялаған. Медреседе білім алып шыққандар ахун, ишан, абыз, дамолла, молда сияқты діни атақтар берілген. Медреселерде діни білім мен қатар, астрономия, химия, география, физика, математика, биология және медицинаны да оқытатын. Медреседе білім алып шыққан молда арабша сауат ашумен қатар, жұртты емдеп, жұлдыздарға қарап күн райын болжай беретін болған. Алаш қайраткерлері, зиялы қауым өкілдерінің барлығы дерлік ауыл молдасынан сауатын ашқан [10].

Қорыта келе еліміздегі әр аймақ пен елді мекеннің дін тарихында әр түрлі жолдары болды. Еліміздің Оңтүстік өңіріндегі Хазірет, ишан, ахун, абыз (хафиз), қалпе, дамолла, молда, қары (қари), имам, мүфти, секілді ислам діні өкілдерінің Патшалық Ресейдің қысымына қарсы шығып, олардың атеистік көзқарастарына кедергі келтіріп, ғасырлар бойы халықтың санасына дарыған дінді шамасы келгенше қорғап қалуға тырысты.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Досай Кенжетай Кеңестік идеология; дін мәселелері, <https://old.elorda.info/kk/interview/view/8807-dosaj-kenzhetaj-professor-islamdy-sayasilanudan-saqtau-zajyrly-qogam-mindet>
2. ҚР ТОММ, 119-қор, 1-тізбе, 211-іс, 145-146-парақтар.
3. ҚР ТОММ, 3-қор, 1-тізбе, 15-іс, 12-36-парақтар.
4. ТОҚСТМА 3 қор 1 тіз 15 іс
5. Нуртазина Н.Д. Борьба с исламом. Религиозная политика советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века. – Алматы: Қазақ университеті 2008. – 36 с.
6. «Әзірет Сұлтан мешіті» - Ұла Дала темірқазығы – Астана: Big Dream, 2017. – 378 б.
7. Ахмадуллин В.А. Политика советского государства по отношению к мусульманской религии в 1917 - 1945 гг.: диссертация. ... канд. ист. наук. – М.: Военный университет МО РФ, 2002. – 241 с.

8. Bennigsen Alexandre, Lemerrier-Quellejey Chantal. Official Islam in the Soviet Union, Religion in Communist Lands. - London: C.Hurst & Company, 1979. - 272 p
9. Остроумов, Н. П. Исламоведение (Догматы Корана) / Н. П. Остроумов. – б.м. : б.и., 1916. – 198 с. – Режим доступа: по подписке. – URL: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=68064> (дата обращения: 27.03.2023). – ISBN 978-5-9989-7465-6. – Текст: электронный.
10. ҚР ТОММ, 5-қор, 4-тізбе, 17-іс, 12-24-парақтар.

УДК 93/94

ПУБЛИЧНЫЙ ОБРАЗ Д.КУНАЕВА В КАЗАХСТАНСКОМ МЕДИАПРОСТРАНСТВЕ

Загипарова Даяна Амангельдіқызы

dayanazag2004@gmail.com

Студентка I курса Университета КАЗГЮУ, Астана, Казахстан

Научный руководитель – к.и.н, профессор Г.Султангазы

На протяжении последних двух лет среди молодежи стал популярен Динмухамед Ахмедович Кунаев. Вокруг него вдруг стал создаваться определенный образ, что вызывает большое количество вопросов. Почему именно Д.А. Кунаев и почему именно молодежь заинтересовалась первым секретарем компартии КазССР? Какой он настоящий и оправдывает ли он свою популярность? Как Динмухамед Ахмедович стал героем нынешнего времени и почему он так импонирует молодежи современного Казахстана?

Данная статья посвящена анализу образа государственного и общественного деятеля Динмухамеда Кунаева в современном медиапространстве. Цель и задача этой статьи: на основе анализа различных источников выявить особенности публичного образа Д.А. Кунаева в современном информационном пространстве. Гипотеза, которая выдвигается в этой статье: как с помощью личности Д.А. Кунаева различные элиты манипулируют общественным мнением и формируют ценностные установки молодежи. Методы исследования: контент-анализ.

Динмухамед Ахмедович Кунаев – советский государственный, партийный и общественный деятель, ученый, первый секретарь ЦК Компартии Казахстана (1960—62 гг. и 1964—86 гг.), академик АН Казахской ССР (1952), автор научных трудов, трижды Герой Социалистического Труда (1972, 1976 и 1982 гг.), член Политбюро ЦК КПСС (1971—87 гг.). Родился 12 января 1912 г. в городе «Верный» (ныне Алматы), умер в 1993 году 22 августа. [1] Вдохновившись выдающимся инженером Мухамеджаном Тынышпаевым, Д.А. Кунаев поступил в Московский институт цветных металлов и золота. Закончив институт, он начал работать на Коунрад-Балхашской стройке, позже и вовсе стал участвовать в формировании медной промышленности в Центральном Казахстане, а далее он уже работал в Рудном Алтае (свинцово-цинковая промышленность). Показав себя хорошим и ответственным специалистом, он достиг должности директора Риддерского рудника, а в разгар Второй Мировой войны Д.А. Кунаев назначается председателем Совнаркома Казахской республики [1].

Позже, в 1952 году Д.А. Кунаев стал Президентом Академии наук Казахстана. Под его руководством были привлечены новые кадры, он написал более 100 научных трудов и проводил исследования, которые позже содействовали в разработке рудных месторождений, горнодобывающая промышленность стала производиться эффективнее [1].

В 1955 году Д.А. Кунаев назначается председателем Совета министров республики, а в 1960 и вовсе становится первым секретарем ЦК Компартии Казахстана. Через два года в ходе разногласия с Н.С. Хрущевым, он снова назначается председателем Совета министров, а в 1964 году, когда к власти приходит Л.И. Брежнев, он снова становится первым секретарем ЦК Компартии Казахстана [1].

Несомненно, за все время, когда он был у власти Казахстан многого достиг. В